Қаралды 05.02.2024ж [signature] Ақпан 1-апта

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Атамекен бөбекжайы ____________________

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02 - 09.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні ____________________

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "1-2 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу". | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **"Үстел үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту; қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы [illegible] қойып, қысуды [illegible]; өз орамалының орнын | **"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, [illegible] [illegible] жапырақтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | суарудың үлгісін көрсету; балаларды су құйғышты ұстап, суару амалына үйрету. | тауып, қолын сүртіп, қайта ілуге жаттықтыру. | болғаннан кейін (ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау. |
| | **«Қуыршақпен ойнау» дидактикалық ойыны.**<br>Жабдық: қуыршақ.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Педагог балаға өзінің сүйікті қуыршағын береді (немесе жұмсақ ойыншық, қуыршақтың басы, құлағы, аяғы, іші және т.б.) қай жерде екенін көрсетуді сұрайды. | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығына көңіл аудартау; эмоциялар сферасын дамыту.<br>Қуыршақтар күлімдейді:<br>"Кел, ойнайық!" - дейді.<br>Қуыршақты тербетейік:<br>"Ұйықташы".- дейік.<br>Д. Ахметова | **«Дене мүшелері» саусақ гимнастикасы**<br>Мақсат-міндетттер.<br>Ұсақ моториканы, саусақ қимылдарын үйлестіруді дамыту.<br>Міне менің басым,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау менің ішім, кеудем, арқам,<br>Бәрін бірге қостаған.<br>Мынау менің аяғым,<br>Ал мынау қолым. | **«Біздің мысық» өлеңін мәнерлеп оқу**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тыңдауға, дыбысы, ырғағы және сөйлеу мәнері бойынша ұқсас дыбыстарды ажырата білуге үйрету<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті - қолын жуады.<br>**(көркем әдебиет)** | **"Шарды үрле" ойыны**<br>Жабдық: әуе шары.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың бет деңгейінде әуе шары ілінеді, тәрбиеші шарды жоғары көтеру үшін үрлеуді көрсетеді және баланы өз әрекеттерін қайталауға шақырады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| Ертеңгілік жаттығу | Қарлармен жалпы дамыту жаттығулары. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жарайсыңдар, қаншама қарлар жасадық! Енді олармен ойнайық.<br>1.Тонса біздің қолымыз.<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Б.к. - негізгі қалып. 1 - қарды бір қолыңыздан екінші қолыңызға беріңіз (5-6 рет)<br>2. «Қарға қара, бірақ оны түсіріп алма»<br>Б.к. - аяқ иық енінде, қарды ұстаған қолымызды алға созу;<br>1- қолмен денені оңға бұру, 2- қарды сол қолға салу, 3- қолмен денені солға бұру, 4- б.к. (6 рет)<br>3. «Біз қармен ойнаймыз, оны жерге қойып, көтереміз».<br>Б.к. - аяқ иық енінде, екі қолда қар. 1- қарды еденге қою үшін еңкейіп, 2- түзеліп тұру, 3- еңкейіп, қарды алу, 4- б.к. (6 рет)<br>4. «Ал енді еңкейіп отырайық, , көңілді жүр балақай!»<br>Б.к. - негізгі тұрыс, қолында қар, 1- отыру, қолымызды алға созамыз, 2- б.к .(6 рет)<br>5. «Біз сәл секіріп, аяғымызды жылытамыз»<br>Б.к. - н.қ. қар еденде, орнында секіру, қол белде, жүрумен кезектесіп. (3 рет 15 секіру)<br>6. «Біздің аяғымыз тоңды, біз оларды аздап жылытамыз»<br>Қарды айналып өту (3 рет)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындык | Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.<br>Аспаз болсақ - тағам әзірлейміз,<br>Биші болсақ - би билейміз,<br>Шаштараз болсақ - тараймыз,<br>Ақылды бала болсақ - жараймыз.<br>"Сәлем" дейміз барлық елге!<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**"Аралар сияқты тынбай еңбектенеміз"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Балаларды гимнастикалық қабырғаға шығуға, тепе-теңдік сезімін дамытуға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және сигналға жауап беру қабілетін қабілеттерін бекіту.** | **Музыка**<br>"Ұшаққа отырайық, биікке самғайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалар жұптасып тұруға үйрету.<br>Баланы музыкамен баулу, оның есту тәжірибесін байыту, сүйікті музыкалық шығармалар қорын көбейту. Балаларға музыкалық шығармалар сипатындағы өзгерістерді сезінуге, олардың логикалық қорытындыларын тыңдауға үйрету.<br>Әннің ерекшелігіне сай әуезді, сыргғай | **Дене шынықтыру**<br>**"Шашылып қалған ыдыс-аяқтар"**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>**Заттармен әрекет жасауға жаттықтыру, шектеулі кеңістікте жүру, бағдарлар бойымен жүгіру, допты қашықтыққа лақтыру, еңбектеп жүру, тыныс алу жаттығуларын қайталау, тепе-теңдік сезімін, ырғақты, зейінді, кеңістікте шарлау қабілетін дамыту.**<br>**Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын** | **Дене шынықтыру**<br>"Құмырсқалар сияқты еңбектеймін"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда гимнастикалық орындықта еңбектеп жүру қабілетін бекіту; екі параллель сызықтан секіру» (арақашықтық 15 см); алға параллель екі параллель сызықтар арасында (ұзындығы-2, 5 м, ені-25 см) әр түрлі жылдамдықпен жүру және жүгіру жаттығулары.<br>Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Ескермес Ескендіровтың "Пошташы" өлеңі"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Көшеде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсініктерін кеңейту; ойыншықтарды бірге пайдалануға деген құштарлығын ояту;<br>Сөздік қорларын толықтырып, тілдерін дамыту, өздігінен ойын атрибуттарын таңдай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ән айтуға баулу. Балаларды жұппен билеуге үйрету. Эмоционалды күйді мимикамен білдіру үйрету. Жаңа ойынмен таныстыру. | дамыту. | аттап өту. 35-40 сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу. құрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 сантиметр).тізбектеніп жүгіру, тепе-теңдікті сақтау, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамыту, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға деген ықыласын ояту. | |
| 2- таңғы ас | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуенге дайындық | **"Киіну-шешіну".** Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Серуен | **Қарды бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.** | **Қыста ауа-райын бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, | **Қара қарғаны бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, | **Желді бақылау.** (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: **қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.**<br>**«Қыс» Қ. Жұмағалиев**<br>**Қысым-ақ, қысым-ақ,**<br>**Жібердің қысып-ақ.**<br>**Қалмаспыз біз деген,**<br>**Боранға ұшырап.**<br>**Біз батыл баламыз,**<br>**Жылы үй, қорамыз.**<br>**Ақ үлпа қарыңнан,**<br>**Аққала соғамыз.**<br>**Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады.** Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер | (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; басқаларға көмекке келуге үйрету. Серуендеу кезінде балалардың назарын сыпырушының жұмысына аудару: «Қарандаршы, ол қалай тырысады, қарды алып тастайды, сендерге ойнайтын орын болу үшін жолдарды тазартады». Сыпырушының өз жұмысын жақсы орындайтындығын, күрек пен сыпырғышпен шебер жұмыс жасайтындығын нақтылау. | сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. **Балаларда қыс туралы түсінік қалыптастыру.**<br>**Шуақты күні қысқы пейзаж сұлулығына назар аудару (айналасы ақ, ақшыл, қар күн сәулесінде жарқырайды, аспан көк). Күннің қандай екеніне бақылату (ашық, бұлтпен жабылған).**<br>**Аппақ қар да жауады,**<br>**Ақ мамыққа толады,**<br>**Аяз ата келеді,**<br>**Сыйлықтарын береді.**<br>«Нойыз» қимылды ойыны (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда | сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттер. **Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау, басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).**<br>**Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков**<br>**Құстар қыста тоңады,**<br>**Жоқ киетін ішігі.**<br>**Желде қатты соғады,**<br>**Қарды көзге ұшырып.**<br>**Қалатындай қайта ұшпай,**<br>**Ұя тапса шаттанып.**<br>**Жем іздейді байғұстар,**<br>**Қардың астын ақтарып.**<br>**Балаларға сұрақтар:** | **дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер. Қыстың белгілерінің бірі - боран туралы түсінік қалыптастыру: желдің бағытын анықтауға үйрету.**<br>**Аяз шымшып алады,**<br>**Боран мен жел болады.**<br>**Туған жердің ақ қысы,**<br>**Ақ құшағын жаяды.**<br>**«Қармен ойнау білу»**<br>**Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар** | Қимылды ойын «Торғайлар»<br>Бір, екі, үш –<br>Торғай болып ұш.<br>Бір, екі, үш –<br>Торғай болып қалқы.<br>Бір, екі, үш –<br>Торғай болып қон. | **дыбыстық сигнал бойынша қимылдар жасау, бағанға салу дағдыларын бекіту қабілеттерін дамыту. Жаяу жүру, бірінен соң бірі жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиеші: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші ойынды бір** | **Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). Қарғаның түсі қандай? Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті үсақ жәндіктер мен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кын жаралайды. Қимылды ойын «Кім аққалаға бұрын жетеді?» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. | | бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. | құстарды да жейді. Қимылды ойын «Бәйге». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. | |
| Серуеннен оралу | Балаларды жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Түскі ас | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық.<br>Тамақты тауысып алайық.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балалардың ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру. Жағымды эмоционалды көңіл-күй ортасын жасау, ұйқыдан оянғанда сергек болып үнемі қуанып, күліп жүруіне жағдай жасау.<br>Ояндық па бәріміз?<br>Бір-бірімізге қараймыз.<br>Күлімдейміз бәріміз.<br>Керіліп созылып,<br>Ақырын қане тұрамыз.<br>Орнымызда жүреміз.<br>Енді доп болып секіреміз.<br>Адымдап жүреміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс: этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Шатыр таяқшалары"<br>Мақсат-міндеттер. Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді, ермексазды алақанның ортасына салып түзі қозғалыспен есу тәсілдерін үйренуді бекіту, дайын | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Дана қуыршақты емдейміз"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру, пайдалы өнімдер, спортпен шұғылдану. | Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, дөңгелек қимылмен айналдыра білуге жаттығу жасату.<br>**(мүсіндеу)** | Мақсат-міндеттер. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың өлшемін (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсіну.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттесу біліктіліктерін қалыптастыру. Балалардың белгілі бір рөлге қажет құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау әрекеттерін ынталандыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | әрекеттесу (дәрігер — наукас) іскерліктерін қалыптастыру. Ойыншық-алмастырушылармен ойын барысында, өзі және ойыншық үшін рөл атқару. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | қайық алға қарай жылжу үшін "ф" деп дыбыстайды. Одан кейін тәрбиеші катты жел тұрғанын айтады. балалар оның күшін көрсету үшін "п" дыбысын айтады. **(дене шынықтыру. сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қоршаған орта тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбына байланысты мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттері. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, [illegible] арбамен. | | | | |

| | |
|---|---|
| | күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу. Қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу. «Баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің құндылығы». «Ерте жастағы бала қандай міндеттерді орындай алады?», «Баланың өз қолымен жасаған іс-әрекетінің нәтижесіне қуанышты қатынасын тәрбиелеу». |